

Ленин туғал

ҚК(б)П-ның Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл Калалық Комитетінің органы (шығуына 24-ші жыл)

№42 (6491) | 1943 жыл 27 февраль Сенбі | Бағасы 20 тыйын

Советтер Союзының Геройы атағын беру туралы ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін мыналарға **СОВЕТТЕР СОЮЗЫНЫҢ ГЕРОЙЫ** атағы беріліп, **ЛЕНИН** ордені мен **„АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ“** медалі қоса тапсырылсын:

1. Үлкен сержант **БАЛЕСТА** Федор Захаровичке
 2. Кіші политрук **БАВИЛОВ** Сергей Васильевичке
 3. Ефрейтор **ВЫГЛАЗОВ** Григорий Исаевичке
 4. Лейтенант **ОГАНОВ** Сергей Андреевичке
 5. Үлкен сержант **ЧАРЫКОВ** Михаил Павловичке
- ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН**.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН**.
Москва, Кремль. 1943 жылғы 22 февраль.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы

ҚК(б)П-ге ЖАҢА МҮШЕЛЕР АЛУДЫҢ ЖАЙЫ ЖӨНЕ ПАРТИЯҒА ЖАҢАДАН АЛЫНҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН Қ(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ VIII ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНАН

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы жекпілескен қатты күрес жүргізіп жатқанына 20 ай болды. Отан соғысы кезінде, отанымызға қатерлі қауып төнген кезде, совет халқының тандаулы ұлы, қызы өздерінің тағдырын Ленин—Сталин партиясымен ұштастырды. Республикамыздың еңбекшілерінің саяси және өндірістік өрлеуінің орасан күшейгендігі Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы қатарының одан әрі өсуінен айқын көрінеді.

Отан соғысы күндерінде майданға кеткен коммунистердің орнына, өздерінің большевиктік партияға шын берілгендігін көрсеткен, Ленин—Сталин партиясының ісі үшін барлық күшін жұмсауға, керек болса жан қыюға даяр мыңдаған алдыңғы қатарлы тандаулы және сыналған жұмысшылар, колхозшылар, инженер-техник қызметкерлер, қызметшілер, интеллигенцияның өкілдері Қазақстан Қ(б)П қатарына қосылды.

1942 жылдың ішінде Қазақстанның партия ұйымдары партия мүшесінің кандидаттығына 1941 жылғыдан 3496 адам артық алды. Бұл жылдың ішінде бірнеше мың адам партияның кандидаттығынан мүшелігіне өткізілді.

Партия мүшесінің кандидаттығына алынғандар ішінде 296 инженер мен техник, 156 агроном және басқа ауыл шаруашылық мамандары, 224 ғылыми қызметкерлер, жоғары мектептер мен техникумдардың оқытушылары, 378 бастауыш мектеп оқытушылары, 55 дәрігер және басқалары бар.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия мүшесінің кандидаттары қатарында әйелдердің одан сайын көбейгендігін сүйсінерлік іс деп атап көрсетеді. Мұның өзі әйелдердің саяси белсенділігінің өскендігін және республикамыздың өндірістік, мәдени тұрмысында олардың ролі артқандығын дәлелдейді.

1942 жылдың ішінде ҚК(б)П қатарына алынған комсомолдердің саны да көбейді.

Алайда, партияның бірсыпыра обкомдары, қалалық және аудандық комитеттері, партия қатарын көбейту үшін еңбекшілердің соғыс кезінде күшейген саяси және өндірістік белсенділігін пайдаланбағанын, ал көптеген партия комитеттері соғыс кезінде партияға жаңа мүшелер алу ісіне басшылық ету мәселелеріне көңіл бөлуді тіпті бұрынғысынан нақарлатқанын, шаруашылық жұмы-

сын партия-көпшілік жұмысымен, ең алдымен, партияға адам алуды күшейту ісімен шын мәнінде ұштастыра білмегенін, сөйтіп, бүлісте елеулі кемшіліктер болуына жол бергенін Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы атап көрсетеді.

Республикамыздың көптеген партия ұйымдары БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауларын орындамай, партия ұйымдарының өсуін басқарып отыру мәселелеріне көңіл бөлмей келеді, партияға алынғандардың составын талдап отырмайды, партия қатарына жаңа мүшелер алу жұмысының қорытындыларын аудандық, қалалық партия комитеттері мен облыстық партия комитеттерінің бюроларының, пленумдарының, талқылауына үнемі салып отырмайды.

МТСтар мен совхоздардың саясаттық бөлімдері көптеген МТСтардағы, совхозлардағы, колхоздардағы бастауыш партия ұйымдарының баяу өскендігіне төзіп отыра береді, тандаулы адамдарды партияға тарту жұмысын күшейту және партия ұйымдарын ұйымдастыру жағынан нығайту жөнінде оларға тиісті көмек көрсетпейді.

Республикамыздың ірі өнеркәсіп орындары көп бірсыпыра негізгі қалалық партия ұйымдарында партия қатарының жұмысшылар есебінен өсуі мүлде жеткіліксіз болып келеді. БК(б)П Орталық Комитетінің талай рет берген нұсқауларына қарамастан, кейбір партия ұйымдары партияға алу туралы арыздарды ешбір себепсіз көп уақытқа дейін қармай кідіртеді, сөйтіп, көп реттерде партияның кандидаттығына және мүшелігіне өтушілерге формальдық бюрократтық жасайды.

Қаралмаған арыздар, әсіресе, Алматы, Қарағанды, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарының партия ұйымдарында көп.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы көптеген қалалық және аудандық партия комитеттерінің партия документтерін беруді де ұзақ уақыт бойына кешіктіруін мүлде орынсыз деп есептейді, соның салдарынан, партияның мүшелігіне және кандидаттығына жаңадан өткендерден 3 мыңнан аса адам 1943 жылғы 1 январьға дейін партия документтерін алмаған.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы көптеген партия ұйымдарының жас коммунистерді тәрбиелеу және партия кандидаттарының саяси білімін арттыру жөніндегі жұмысын мүлде қанағаттанғысыз деп есептейді.

Партия кандидаттары арасындағы жұмыстың қанағаттанғысыз болуы салдарынан көп уақытта партия ұйымдарының басшылары кандидаттық стажы әлдеқашан өткен көптеген партия кандидаттарының өз бағының, іскерлік және саяси қасиеттерін анықтай алмайды.

ҚК(б)П-ге жаңа мүшелер алудың және партияға жаңадан алынғандар арасындағы жұмыстың мұндай күйде болуын төзбестік деп есептеп Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы қаулы етеді:

1. Өздерінің жанқиярлық және ерлік еңбегімен Ленин—Сталин партиясы ісіне берілгендігін көрсеткен жұмысшылар, колхозшылар және совет интеллигенциясы арасынан алдыңғы қатарлы адамдарды большевиктік партия қатарына үнемі тартып отыру жұмысының ерекше маңыздылығын республикамыздың көптеген облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының жете бағаламауын Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы мүлде дұрыс емес деп есептейді.

Кейбір партия ұйымдарының партияға жаңа мүшелер алу ісін бетімен жіберіп, оған формальдық-бюрократтық жасауын, тандаулы адамдардың партияға өту жөніндегі арыздарының ұзақ уақыт бойына ешбір себепсіз қаралмай жатуын, партияның мүшелігіне және кандидаттығына өтушілерден партия ұйымдары басшыларының нағыз саяси емтихан алуын, партия документтерін беру көп айлар бойына кешіктірілуін пленум мүлде теріс практика деп тауып, партияның, облыстық комитеттеріне, қалалық және аудандық комитеттеріне партияға жаңа мүшелер алу ісіндегі, осы қаулыда көрсетілген елеулі кемшіліктерді жою үшін тезінен тиісті шаралар қолдануды міндет етеді.

2. Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық партия ұйымдарына және олардың басшыларына партияға адам алу жұмысын барынша жақсартуды, партия ұйымдарының қатарын көбейтуге күнбе-күн қамқорлық істеп отыруды, бұл жөнінде партияда жоқ актив арасынан неғұрлым алдыңғы қатарлы және партия ісіне шын берілген практикалық жұмыста сыналған жолдас-тардың партияға ұқыптылықпен іріктеліп алынуына қамтамасыз етуді, мұндай адамдардың Ленин—Сталин партиясы қатарына кіруіне барынша көмектесуді міндет етеді.

Республикамыздың ең ірі өнеркә-

сіп орындарындағы, ең алдымен отап қорғау, түсті метал, көмір және мұнай кәсібі орындарындағы негізгі мамандығы бар жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің, сол сыяқты алдыңғы қатарлы интеллигенцияның және ауыл шаруашылығындағы негізгі мамандардың: агрономдардың, трактористтердің, комбайнерлердің бригадирлердің және басқалардың партияға алынуына айрықша көңіл бөлу керек.

ҚК(б)П обкомдары мен ҚК(б)П қалалық комитеттерінің, аудандық комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының партияға адам алу жөніндегі жұмысындағы, жаңадан алынғандарға большевиктік тәрбие беру жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде түзетіп отыруы керек.

Қалалық, аудандық партия комитеттері өздерінің әрбір кезекті пленумында өткен пленумдар арасындағы уақыттың ішіндегі партияға адам алу жұмысының нәтижелері туралы пленумның бекітуі, не есеп тапсырып отыруы керек (сыйпаттамасы, жеке бастауыш партия ұйымдарының ҚК(б)П-ге адамдар алу жұмысындағы кемшіліктері жою жөнінде қолданылған шаралар және басқалар).

3. Партия ұйымдарының кейбір басшы қызметкерлерінің, партия қатарының өсуіне байланысты аса маңызды мәселелерді шешуден бойларын аулақ салудан: партия қатарына алынуға лайықты өздері жақсы білетін адамдардың партия қатарына кіруіне рекомендация бермеуін, бастауыш партия ұйымдарының тұрмысынан қол үзуін, жұмысшылармен және колхозшылармен күнбе-күн жұмыс жөнінде араласып отырмауын, тандаулы адамдарды жақсы білмеуін, партия кандидаттарының саяси идея жағынан өсуіне көмек көрсетпеуін, алдыңғы қатарлы адамдарды партияға батыл іріктеп алу жөніндегі барлық жұмысты ең алдымен басшы партия активі жүргізуге тиіс екенін түсінбеуін Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы дұрыс емес деп есептейді.

Партия ұйымдарының басшы қызметкерлерінің қатардағы коммунистермен, жұмысшылармен, колхозшылармен және интеллигенциямен жанды байланысты мейлінше нығайта беруі керек.

Партияға жаңа мүшелер тарту жұмысы коммунистердің аса маңызды саяси міндеті екенін партия ұйымдары барлық коммунистерге күнбе-күн түсіндіріп отыруы керек. (Соңы 2-бетте).

Ленин туғал

ҚК(б)П-ның Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл Калалық Комитетінің органы (шығуына 24-ші жыл)

№42 (6491) | 1943 жыл 27 февраль Сенбі | Бағасы 20 тыйын

Советтер Союзының Геройы атағын беру туралы ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және баатырлық көрсеткені үшін мыналарға **СОВЕТТЕР СОЮЗЫНЫҢ ГЕРОЙЫ** атағы беріліп, **ЛЕНИН** ордені мен **„АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ“** медалі қоса тапсырылсын:

1. Үлкен сержант **БАЛЕСТА** Федор Захаровичке
2. Кіші политрук **БАВИЛОВ** Сергей Васильевичке
3. Ефрейтор **ВЫГЛАЗОВ** Григорий Исаевичке
4. Лейтенант **ОГАНОВ** Сергей Андреевичке
5. Үлкен сержант **ЧАРЫКОВ** Михаил Павловичке

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН**.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН**.
Москва, Кремль. 1943 жылғы 22 февраль.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы

ҚК(б)П-ге ЖАҢА МҮШЕЛЕР АЛУДЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯҒА ЖАҢАДАН АЛЫНҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН Қ(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ VIII ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНАН

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы жекпілескен қатты күрес жүргізіп жатқанына 20 ай болды. Отан соғысы кезінде, отанымызға қатерлі қауып төнген кезде, совет халқының тандаулы ұлы, қызы өздерінің тағдырын Ленин—Сталин партиясымен ұштастырды. Республикамыздың еңбекшілерінің саяси және өндірістік өрлеуінің орасан күшейгендігі Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы қатарының одан әрі өсуінен айқын көрінеді.

Отан соғысы күндерінде майданға кеткен коммунистердің орнына, өздерінің большевиктік партияға шын берілгендігін көрсеткен, Ленин—Сталин партиясының ісі үшін барлық күшін жұмсауға, керек болса жан қыюға даяр мыңдаған алдыңғы қатарлы тандаулы және сыналған жұмысшылар, колхозшылар, инженер-техник қызметкерлер, қызметшілер, интеллигенцияның өкілдері Қазақстан Қ(б)П қатарына қосылды.

1942 жылдың ішінде Қазақстанның партия ұйымдары партия мүшесінің кандидаттығына 1941 жылғыдан 3496 адам артық алды. Бұл жылдың ішінде бірнеше мың адам партияның кандидаттығынан мүшелігіне өткізілді.

Партия мүшесінің кандидаттығына алынғандар ішінде 296 инженер мен техник, 156 агроном және басқа ауыл шаруашылық мамандары, 224 ғылыми қызметкерлер, жоғары мектептер мен техникумдардың оқытушылары, 378 бастауыш мектеп оқытушылары, 55 дәрігер және басқалары бар.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия мүшесінің кандидаттары қатарында әйелдердің одан сайын көбейгендігін сүйсінерлік іс деп атап көрсетеді. Мұның өзі әйелдердің саяси белсенділігінің өскендігін және республикамыздың өндірістік, мәдени тұрмысында олардың ролі артқандығын дәлелдейді.

1942 жылдың ішінде ҚК(б)П қатарына алынған комсомолдердің саны да көбейді.

Алайда, партияның бірсыпыра обкомдары, қалалық және аудандық комитеттері, партия қатарын көбейту үшін еңбекшілердің соғыс кезінде күшейген саяси және өндірістік белсенділігін пайдаланбағанын, ал көптеген партия комитеттері соғыс кезінде партияға жаңа мүшелер алу ісіне басшылық ету мәселелеріне көңіл бөлуді тіпті бұрынғысынан нақарлатқанын, шаруашылық жұмы-

сын партия-көпшілік жұмысымен, ең алдымен, партияға адам алуды күшейту ісімен шын мәнінде ұштастыра білмегенін, сөйтіп, бүлісте елеулі кемшіліктер болуына жол бергенін Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы атап көрсетеді.

Республикамыздың көптеген партия ұйымдары БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауларын орындамай, партия ұйымдарының өсуін басқарып отыру мәселелеріне көңіл бөлмей келеді, партияға алынғандардың составын талдап отырмайды, партия қатарына жаңа мүшелер алу жұмысының қорытындыларын аудандық, қалалық партия комитеттері мен облыстық партия комитеттерінің бюроларының, пленумдарының, талқылауына үнемі салып отырмайды.

МТСтар мен совхоздардың саясаттық бөлімдері көптеген МТСтардағы, совхоздардағы, колхоздардағы бастауыш партия ұйымдарының баяу өскендігіне төзіп отыра береді, тандаулы адамдарды партияға тарту жұмысын күшейту және партия ұйымдарын ұйымдастыру жағынан нығайту жөнінде оларға тиісті көмек көрсетпейді.

Республикамыздың ірі өнеркәсіп орындары көп бірсыпыра негізгі қалалық партия ұйымдарында партия қатарының жұмысшылар есебінен өсуі мүлде жеткіліксіз болып келеді. БК(б)П Орталық Комитетінің талай рет берген нұсқауларына қарамастан, кейбір партия ұйымдары партияға алу туралы арыздарды ешбір себепсіз көп уақытқа дейін қармай кідіртеді, сөйтіп, көп реттерде партияның кандидаттығына және мүшелігіне өтушілерге формальдық бюрократтық жасайды.

Қаралмаған арыздар, әсіресе, Алматы, Қарағанды, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарының партия ұйымдарында көп.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы көптеген қалалық және аудандық партия комитеттерінің партия документтерін беруді де ұзақ уақыт бойына кешіктіруін мүлде орынсыз деп есептейді, соның салдарынан, партияның мүшелігіне және кандидаттығына жаңадан өткендерден 3 мыңнан аса адам 1943 жылғы 1 январьға дейін партия документтерін алмаған.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы көптеген партия ұйымдарының жас коммунистерді тәрбиелеу және партия кандидаттарының саяси білімін арттыру жөніндегі жұмысын мүлде қанағаттанғысыз деп есептейді.

Партия кандидаттары арасындағы жұмыстың қанағаттанғысыз болуы салдарынан көп уақытта партия ұйымдарының басшылары кандидаттық стажы әлдеқашан өткен көптеген партия кандидаттарының өз бағының, іскерлік және саяси қасиеттерін анықтай алмайды.

ҚК(б)П-ге жаңа мүшелер алудың және партияға жаңадан алынғандар арасындағы жұмыстың мұндай күйде болуын төзбестік деп есептеп Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы қаулы етеді:

1. Өздерінің жанқиярлық және ерлік еңбегімен Ленин—Сталин партиясы ісіне берілгендігін көрсеткен жұмысшылар, колхозшылар және совет интеллигенциясы арасынан алдыңғы қатарлы адамдарды большевиктік партия қатарына үнемі тартып отыру жұмысының ерекше маңыздылығын республикамыздың көптеген облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының жете бағаламауын Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы мүлде дұрыс емес деп есептейді.

Кейбір партия ұйымдарының партияға жаңа мүшелер алу ісін бетімен жіберіп, оған формальдық-бюрократтық жасауын, тандаулы адамдардың партияға өту жөніндегі арыздарының ұзақ уақыт бойына ешбір себепсіз қаралмай жатуын, партияның мүшелігіне және кандидаттығына өтушілерден партия ұйымдары басшыларының нағыз саяси емтихан алуын, партия документтерін беру көп айлар бойына кешіктірілуін пленум мүлде теріс практика деп тауып, партияның, облыстық комитеттеріне, қалалық және аудандық комитеттеріне партияға жаңа мүшелер алу ісіндегі, осы қаулыда көрсетілген елеулі кемшіліктерді жою үшін тезінен тиісті шаралар қолдануды міндет етеді.

2. Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық партия ұйымдарына және олардың басшыларына партияға адам алу жұмысын барынша жақсартуды, партия ұйымдарының қатарын көбейтуге күнбе-күн қамқорлық істеп отыруды, бұл жөнінде партияда жоқ актив арасынан неғұрлым алдыңғы қатарлы және партия ісіне шын берілген практикалық жұмыста сыналған жолдас-тардың партияға ұқшамдылықпен іріктеліп алынуына қамтамасыз етуді, мұндай адамдардың Ленин—Сталин партиясы қатарына кіруіне барынша көмектесуді міндет етеді.

Республикамыздың ең ірі өнеркә-

сіп орындарындағы, ең алдымен отап қорғау, түсті метал, көмір және мұнай кәсібі орындарындағы негізгі мамандығы бар жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің, сол сыяқты алдыңғы қатарлы интеллигенцияның және ауыл шаруашылығындағы негізгі мамандардың: агрономдардың, трактористтердің, комбайнерлердің бригадирлердің және басқалардың партияға алынуына айрықша көңіл бөлу керек.

ҚК(б)П обкомдары мен ҚК(б)П қалалық комитеттерінің, аудандық комитеттерінің және бастауыш партия ұйымдарының партияға адам алу жөніндегі жұмысындағы, жаңадан алынғандарға большевиктік тәрбие беру жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде түзетіп отыруы керек.

Қалалық, аудандық партия комитеттері өздерінің әрбір кезекті пленумында өткен пленумдар арасындағы уақыттың ішіндегі партияға адам алу жұмысының нәтижелері туралы пленумын бекітуі, не есеп тапсырып отыруы керек (сыйпаттамасы, жеке бастауыш партия ұйымдарының ҚК(б)П-ге адамдар алу жұмысындағы кемшіліктері жою жөнінде қолданылған шаралар және басқалар).

3. Партия ұйымдарының кейбір басшы қызметкерлерінің, партия қатарының өсуіне байланысты аса маңызды мәселелерді шешуден бойларын аулақ салудан: партия қатарына алынуға лайықты өздері жақсы білетін адамдардың партия қатарына кіруіне рекомендация бермеуін, бастауыш партия ұйымдарының тұрмысынан қол үзуін, жұмысшылармен және колхозшылармен күнбе-күн жұмыс жөнінде араласып отырмауын, тандаулы адамдарды жақсы білмеуін, партия кандидаттарының саяси идея жағынан өсуіне көмек көрсетпеуін, алдыңғы қатарлы адамдарды партияға батыл іріктеп алу жөніндегі барлық жұмысты ең алдымен басшы партия активі жүргізуге тиіс екенін түсінбеуін Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы дұрыс емес деп есептейді.

Партия ұйымдарының басшы қызметкерлерінің қатардағы коммунистермен, жұмысшылармен, колхозшылармен және интеллигенциямен жанды байланысты мейлінше нығайта беруі керек.

Партияға жаңа мүшелер тарту жұмысы коммунистердің аса маңызды саяси міндеті екенін партия ұйымдары барлық коммунистерге күнбе-күн түсіндіріп отыруы керек. (Соңы 2-бетте).

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы қаулысының жалғасы

(Соңы. Басы II-бетте).

4. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы еңбекшілер арасында партия-саясат жұмысын баяндайтын күшейтуді республикамыздың барлық партия ұйымдары алды соғыс уақыты жағдайындағы негізгі және аса маңызды міндетті қояды.

Партия ұйымдары жұмысшылардың, колхозшылардың және интеллигенцияның өсіп отырған саяси және өндірістік өрлеуін бастай отырып, оларды майданға көмектің сайын күшейтуге ұйымдастыра міндетті, шаруашылық мәселелерді шешуді еңбекшілер арасында партия-ұйымдастыру және көпшілік-саяси жұмысты ондаумен шектеші ұштастырып отыруға, Сталин ағашының «шаруашылықтағы тартар, олардың баяндылығын және қысқа кетуді толығымен және түгелен партия-ұйымдастыру және партия-саяси жұмыстың табысты болуына байланысты, мұнсыз шаруашылықтағы табыстардың тыянақсыз шығуы мүмкін» деген нұсқауын есте ұстауға міндетті. Еңбекшілердің саяси белсенділігін өсуі ҚК(б)П қатарының одан көбеюімен айқын көрініп отыратын болуы керек.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттеріне, МТС-дың, совхоздардың және темір жол транспорттарының саясаттық бөлімдеріне, сол сыяқты бастауыш партия ұйымдарына еңбекшілер арасында совет халқының отан соғысындағы жеңістерін ұйымдастыруға партия туралы, партия мүшесінің жоғары дәрежелі атак туралы коммунистердің майдан мен тыл аралық істері туралы және басқару туралы үнемі лекциялар, адамалар, әдімелер өткізіп отырып тапсырады.

Партия үшін, оның идеялары мен оның ұйымдастыру принциптері үшін үгіт жүргізу—партия-саяси жұмысын ойдағыдай жүргізудің негізгі шарты, еңбекшілерді партия ретінде одан да күшті топтастыруға, партия ұйымдарының өсуін күтудің аса қуатты құралы екенін білдіріп отырып, партия ұйымдарының партияның большевиктік дәстүрлерін, оның жауынгерлік тарихи-пропагандалап отырулары керек.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы ҚК(б)П обкомдарына, қалалық және аудандық комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдарына, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында жұмыс істеуші әйелдер, есе қазақ әйелдері арасында күнделікті саяси-тәрбие жұмысын батыл сартуды, саяси-қоғамдық жұмысқа, Қызыл Армияға көмекті күту шараларын жүзеге асыруға қажетті неғұрлым жігерлі қатысуға, олардың өздерінің саяси-ақпараттық білім дәрежесін арттыруға жүзінде көмектесіп отыруды, олардың таңдаулыларын партия қатарына тартуды міндет етеді.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық партия ұйымдарына комсомол ұйымдарына басшылықты негізінен жақсартуды, комсомолдар мен комсомолда жоқтарға саяси тәрбие берудің дәрежесін көтеруді талап етеді.

Партия ұйымдары жастардың, әсіресе, комсомолецтердің өндірістік мамандығының артуына күнбе-күн камқорлық көрсетіп, олардың таңдаулыларын ҚК(б)П қатарына тартуға міндетті.

7. Партия кандидаттарына большевиктік тәрбие беру ісіне аса зор маңыз беріп, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы облыстық партия комитеттеріне, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, МТС-тардың, совхоздар мен темір жол транспорттарының саясаттық бөлімдеріне, партия кандидаттарына большевиктік тәрбие беру және олардың саяси, іскерлік қасиеттерін тексеру жөнінде бастауыш партия ұйымдарының жауаптылығы арттырылуын қамтамасыз етуді міндеттейді, мұның үшін:

а) партия кандидаттарының белгіленген бір жылдық кандидаттық стажды өтуін партия ұйымдарының бақылауы күшейтілсін, өзінің негізгі партиялық міндеті — кандидаттық стажды өту кезінде өзін партия мүшелігіне түсуге даярлау, саяси-қоғамдық тұрмысы және өндіріс жұмыстарында өзінің нағыз алдының қатарлы адам екенін ұғынатын партияның әрбір кандидаты толық ұғып алуына жетіп, оған күнбе-күн камқорлық көрсетіліп отырсын. Бастауыш партия ұйымдары кандидаттардың өздерінің бұл негізгі партиялық міндетін орындауына үнемі көмектесіп, оны тиісті талаптар қоюмен ұштастырып отырулары керек;

б) партия кандидаттарын партия ұйымдарының жұмысына қатыстыруға барлық тиісті шаралар қолданылсын, олардың қоғам тұрмысына қатысуы күшейтілсін; кандидаттардың білім дәрежесі және әрқайсысының іске қаблеттілігі, ескеріле отырып, оларға партиялық тапсырмалар берілсін, партия кандидаттарына үнемі көмек көрсетілуі, оларға берілген тапсырмалардың орындалуының тексерілуі қамтамасыз етілсін;

в) партия кандидаттарының саяси-идеялық дәрежесін арттыру жұмысы батыл оңдалсын. Жас коммунистер үшін арнаулы кружоктар ұйымдастырылсын, партия құрылысы мен партияның ішкі тұрмысының мәселелері жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар қойылатын болсын, төселген пропагандистердің устав, программа жөнінде кандидаттар үшін партиялық консультациялары өткізілсін, сөйтіп кандидаттарды тәрбиелеу бүкіл партия жұмысының бөлімбейтін ең аса маңызды бір бөлімі болатындай етілсін;

г) партия кандидаттарының өндірістегі белсенділігін арттыруға зор маңыз беріліп, оларға өздерінің мамандығын арттыруына, социалистік жарысқа, стахановшылар қозғалысына және өндіріс оқуына белсене қатысуына күнбе-күн көмек көрсетіліп отырсын;

д) партия кандидаттарымен жұмыс жүргізуге, оларға рекоммендация берген ҚК(б)П мүшелері қатыстырылсын, бұлар кандидаттардың өндірістегі және қоғамдық жұмыстағы авангардтық ролін арттыру ісіне күнбе-күн көмектесіп отыратын болсын.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары партия кандидаттарымен өзара араласып, олардың жұмысын, саяси-тәрбие алуын біліп жүрулері керек, жұмыста оларға барынша көмектесулері керек, кандидаттық стаж өткеннен кейін олардың кандидаттықтан партия мүшелігіне өту мәселесі мезгілінде қойылуын бақылап жүрулері керек.

8. Бастауыш партия ұйымдарын нығайту және жұмыс пен құрылыстың барлық учаскелерінде ұйымдастырушылық ролін арттыру—партия комитеттерінің жұмысындағы негізгі және басты міндет деп есептеп, ҚК(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы ҚК(б)П обкомдарына, қалалық және аудандық комитеттеріне өздерінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығын негізінен ондауды, оларға күнбе-күн іс жүзінде көмектесіп отыруды және осының арқасында әрбір бастауыш партия ұйымы мынадай негізгі міндеттерді орындайтын етуді міндеттейді:

а) жұмысшылар, колхозшылар мен интеллигенция қалың бұхара-сымен өздерінің байланысын одан сайын күшейту, қалың бұхара арасында күнбе-күн партия-саясат және тәрбие жұмысын жүргізіп отыру. Партияда жоқтардан күшті актив ұйымдастыру, оны практикалық жұмысқа қатыстырып, партия ұйымын жақындату, оның төңірегіне топтастыру. Партияға жаңа мүшелер тарту және оларға саяси-тәрбие беру жөнінде тыңғылықты жұмыс жүргізу;

б) фабрикалардың, заводтардың, колхоздардың, МТС-тардың, совхоздардың және мекемелердің барлық еңбекшілерін мемлекеттік өндірістік пландарды орындауға күнбе-күн жұмылдырып отыру. Еңбек тәртібін нығайту, социалистік жарысты ұйымдастыру;

в) өндірістегі салдыр-салақтыққа және шаруаға ұқыпсыздыққа қарсы батыл күрес жүргізу. Жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің, қызыл-әскерлер мен әскери қызметшілер семьяларының, материалдық-тұрмыс және мәдени қажеттерін өтеуге күнбе-күн камқорлық істеп отыру;

г) Партияның мүшелері мен кандидаттарының белсенділігін артуын және олардың әрқайсысының бүкіл партия тұрмысына қатысуын қамтамасыз етерлік партия-саясат жұмысын ұйымдастыру.

Партияның облыстық комитеттері, қалалық және аудандық комитеттері, МТС-тардың, совхоздар мен темір жол транспорттарының саясаттық бөлімдері, әсіресе, колхоздардағы жаңадан құрылған және коммунистері аз бастауыш партия ұйымдарына, кандидаттар және партия-комсомол топтарына басшылықты ондауға және оларға күнбе-күн іс жүзінде көмек көрсетілуін қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлуге, олардың жұмысын ауық-ауық тексеріп, бастауыш партия ұйымдарының есептерін қалалық және аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде талқылауға міндетті.

9. Баспасөз бетінде партия құрылысы мәселелерінің жазылуы мүлде жеткіліксіз екенін көрсете келіп, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы республикалық газеттердің, сол сыяқты «Қазақстан большевикі» журналының редакциялары-

на партия ұйымдары қатарының өсуі және оны басқарып отыру туралы мәселелерді баспасөз бетінде үнемі жазып отыруды, резервтер және партияға жаңадан алынғандар арасындағы жақсы жұмыстың тәжірибелерін таратып отыруды, партияға жаңа мүшелер алу мәселесін республикамыздың партия ұйымдарындағы партия-саясат жұмысын оңдау міндеттерімен байланыстырып отыруды міндет етеді.

10. Партия ұйымдарына партияға жаңадан алынғандар арасындағы жұмыстың жайы туралы мәселені ауық-ауық бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында, ҚК(б)П обкомдарының, қалалық және аудандық комитеттерінің бюро мәжілістерінде талқылау, партияға жаңадан алынғандармен жұмыстың жеке мәселелерін өткізу, олар арасындағы тәрбие жұмысының дәрежесін күшейтуге барлық қажетті шараларды қолдану, мұнымен бірге БК(б)П Орталық Комитетінің партияға жаңадан алынғандарға большевиктік тәрбие беру туралы нұсқауларының орындалуын қамтамасыз ету міндеттелінсін.

11. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттеріне партия қызметкерлерінің жаңа кадрларына, әсіресе, отан соғысы кезінде партия жұмысына келген бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына күнбе-күн көмек ұйымдастыруды міндет етеді.

12. Партия органдарының жаңадан ұйымдастырылған қалалық бөлімдерінің өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылар, қызметшілер, инженер-техник қызметкерлер арасында партия-саясат жұмысын ұйымдастыру мәселелерімен шұғылдануы мүлде қанағаттанғысыз екенін атап көрсетіп, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы облыстық партия комитеттеріне, әсіресе, БК(б)П XVIII конференциясының қарарларына сәйкес кәсіпорындарында партия ұйымдастыру және үгіт-көпшілік жұмыстарын кең өрістетуге жөнінде бөлімдердің жұмысын негізінен ондауды міндет етеді.

13. Қазақстан К(б)П-Орталық Комитетінің пленумы фабрикалардың, заводтардың, шахталардың, рудниктердің, колхоздардың, МТС-тардың, совхоздардың таңдаулы адамдары есебінен партия қатарын толықтыруға партия ұйымдары және олардың басшылары камқорлық етіп, қай уақытта болса да айрықша көңіл бөліп келгеніне және қазір айрықша көңіл бөлуге тиіс екеніне республикамыздың барлық партия ұйымдарының назарын аударты. Алайда, қырағылықты ұмыту, партия қатарына алынғандардың бәрін аса зер салып, ұқыптылықпен тексеру қажет екенін ұмыту, әсіресе соғыс кезінде партия алдында қылмыс істегендік болып табылатынын ескертеді. Әрбір партия ұйымы большевиктік қырағылықты мейлінше күшейте отырып, Ленин партиясының туын жоғары ұстауға, жат-жау және кездейсоқ адамдардың партия қатарына өтуіне жол бермей, партияны ондайлардан таза сақтауға міндетті.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.